

Исатай ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемалары мен қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Исатай аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 13 мамырдағы № 87 қаулысы. Атырау облысының Эділет департаментінде 2015 жылғы 02 маусымда № 3219 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 07 қазандағы № 168 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет ауданы әкімдігінің 07.10.2015 № 168 қаулысымен (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі)

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 37-бабына, "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14-бабының 3-тармағы 3-1) тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Исатай ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемалары осы қаулының 1, 2, 3, 4 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.
2. Исатай ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың қағидасы осы қаулының 5 қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің
міндеттін атқарушы*


M. Өтегалиев

Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 13 мамырдағы № 13 қаулысына 1 қосымша

Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 13 мамырдағы № 13 қаулысымен бекітілген

Исатай ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы

Жалпы білім беретін Өркен орта мектебінің оқушыларды тасымалдайтын автобус бағыты



Условные обозначения:



- Общеобразовательная средняя школа Оркен



- Остановка Карагубек



- Маршрут автобуса и направление


Общая протяженность 4,37 км.

Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 13 мамырдағы № 13 қаулысына 2 қосымша

Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 13 мамырдағы № 13 қаулысымен бекітілген

Исатай ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы

Жалпы білім беретін Хамидолла Наубетов атындағы орта мектептің оқушыларды тасымалдайтын автобус бағыты



Условные обозначения:



- Общеобразовательная средняя школа имени Хамидоллы Наубетова




- Маршрут автобуса и направление

Общая протяженность 3,38 км.

Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 13
мамырдағы № 13 қаулысына 3 косымша
Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 13
мамырдағы № 13 қаулысымен бекітілген

Исатай ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы

Жалпы білім беретін Нарын орта мектебінің оқушыларды тасымалдайтын
автобус бағыты



Условные обозначения:



- Общеобразовательная Нарынская средняя школа и общеобразовательная Жана Жанбайская начальная школа



- Маршрут автобуса и направление



- Остановка

Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 13

мамырдағы № 13 қаулысына 4 косымша

Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 13

мамырдағы № 13 қаулысымен бекітілген

Исатай ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы

Жалпы білім беретін Юрий Гагарин атындағы орта мектебінің оқушыларды тасымалдайтын автобус бағыты



Условные обозначения:



- Общеобразовательная средняя школа имени Юрия Гагарина



- Маршрут автобуса и направление



- Остановки

Общая протяженность 8,14 км.

Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 13 мамырдағы № 87 қаулысына 5 қосымша

Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 13 мамырдағы № 87 қаулысымен бекітілген

Исатай ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Исатай ауданының шалғай елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың осы қағидасы (бұдан әрі–Қағидасы) "Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен

жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысына, "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен бағажды тасымалдау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 шілдедегі № 767 қаулысына сәйкес әзірленген және Исадай ауданының шалғай елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібін айқындайды.

2. Балаларды тасымалдау тәртібі

2. Балалар топтарын ұйымдастырылған түрде тасымалдау кемінде екі есігі бар, техникалық жай-күйі көлік және коммуникация саласындағы уәкілдепті орган бекіткен Автомобиль көлігімен жолаушыларды және бағажды тасымалдау ережелерінде белгіленген талаптарға жауап беретін автобустармен жүзеге асырылады.

Ұйымдастырылған балалар топтарын тасымалдауға арналған автобустар сары түсті жарқылдауық маякпен жабдықталады. Бұл автобустардың алдына және артына "Балалар тасымалы" деген таным белгісі орнатылады.

Балалар топтарын ұйымдастырылған түрде жасы кемінде жиырма бесте, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және кемінде бес жыл еңбек өтілі бар жүргізушилердің тасымалдауына рұқсат етіледі.

Автобус шанағында тасымалданатын балалардың саны орындық санынан аспауы тиіс.

Қала сыртындағы жолдарда балаларды тасымалдайтын екі және одан да көп автобустар легімен жол полициясының арнайы автомобильдері міндетті түрде ілесіп жүруі керек.

3. Оқу орындарында тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасмалдаушы жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды және балаларды отырғызуудың және тұсірудің ұтымды орындар белгілейді.

4. Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтында жеткілікті үлкен болуы тиіс.

Аландарда жайластырылған өту жолдары болуы және жолаушыларды және бағажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінен бөлек орналасуы тиіс.

Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

Күзгі-қысқы кезеңде аландар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

5. Балаларды оқу орындарына тасымалдауға тапсырыс беруші балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты түрде (айна кемінде бір рет) тексереді.

6. Балалар топтарын 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автобустармен тасымалдау, сондай-ақ көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар жауған, жаңбыр және басқалар) рұқсат етілмейді.

Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тапсырыс берушіге дереу хабарлауы керек.

7. Автобустардың қозғалыс кестесін тасымалдаушы мен тапсырыс беруші келіседі.

Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуши кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетіледі. Кестенің өзгеруі туралы тасымалдаушы тапсырыс берушіге хабарлайды, ол балаларды дер кезінде хабарландыру бойынша шараптар қабылдайды.

8. Балаларды жаппай тасымалдауға және алыс жерлерге балаларды тасымалдауға дайындық кезінде тасымалдаушы тапсырыс берушімен бірлесіп балалардың жиналу пунктінде және келу пунктінде автобустардың аялдауы үшін алаңшалардың болуын, отырғызу алаңшаларының болуын тексереді. Отырғызу және түсіру орындары автобус тұрағынан кемінде 30 метр қашықтықта орналасады.

9. Балаларды жаппай тасымалдауды және балаларды алыс қашықтықтарға тасымалдауды тасымалдаушы, балаларды оқытушылар немесе арнайы тағайындалған ересек адамдар (15 балаға бір ересек адам) алып барған жағдайда ғана орындауы мүмкін.

10. Балалардың ұйымдастырылған топтарын тасымалдауларына жеті жастан кіші емес балалар рұқсат етіледі.

Жеті жасқа толмаған балалар білім беру мекемесі жұмысшыларының, сондай-ақ ата-анасымен және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды ауыстыратын адамдармен жеке алып жүруі кезінде ғана жол жүргүре рұқсат етілуі мүмкін.

11. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне мыналар рұқсат етілмейді:

- 1) сағатына 60 километр артық жылдамдықпен жүргүре;
- 2) жүру маршрутын өзгертуге;

- 3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, бағажды немесе мұжәммалды тасымалдауға;
- 4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;
- 5) автомобиль легінде журу кезінде алда жүрген автобусты басып озуға;
- 6) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;
- 7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шарапарын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК